

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТҮРКІТІЛДЕС СТУДЕНТТЕРГЕ ТРАНСЛИНГВАЛДЫ АСПЕКТІДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Күләй ЖАҚСЫЛЫҚОВА*

Алмас ҮДЕРБАЕВ****

Рауза ӨСКЕНБАЕВА*****

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың дидактикалық негізі жайы қарастырылады. Жаһандану дәуірінде көптілділік пен мәдениаралық қатынастың маңызы артып, шетелдік, оның ішінде түрікмен студенттерге қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқытудың әдіснамалық негізін айқындау қажеттілігі туындап отыр. Қазақ және түрікмен тілдері түркі тілдеріне жататындықтан, олардың арасында лексикалық, грамматикалық және контекстикалық ұқсастықтар бар. Дегенмен, кейбір грамматикалық құрылымдар мен сөздердің мағыналық айырмашылықтары студент үшін қиындықтар туғызуы мүмкін. Аталмыш мәселені шешу жолдарының бірі - қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың басты ұстанымдарын нақтылап, әдіснамалық негізін анықтау. Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың дидактикалық ұстанымдары студенттердің өз тіліндегі білімдерін жаңа тілді меңгеруде қолдануға бағыттала келе, тілдер арасындағы байланыс, салыстырмалы талдау және интерактивті тәсілдерге негізделеді. Тілді транслингвалды аспектіде оқытуда жалпыдидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алу студенттердің қазақ тілін меңгеруін жеңілдетіп, тілдік тосқауылдарды азайтады. Сонымен қатар, бұл ұстанымдарды басшылыққа алу студенттердің тілдік қабілеттерін дамытып, олардың жаңа тілдік құрылымдарды түсінуіне және қолдануына көмектеседі. Мақалада транслингвалды аспектіде оқытудың әдіснамалық негізгі қағидаттары, оны түркітілдес студенттерге тілді меңгертуде басшылыққа алу тиімділігі жан-жақты талданады. Зерттеу нәтижелері бұл дидактикалық негізгі қағидаттарды басшылыққа алу тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін арттыруға да ықпал ететінін көрсетеді. Тілді транслингвалды аспектіде оқытуда әдіснамалық қағидаттарды басшылыққа алу үйренушілердің ынтасын арттырып, тілді тез меңгерулеріне мүмкіндік туғызады.

Тірек Сөздер: Транслингвизм, Транслингвалды Аспект, Бөгде Тіл, Түркітілді Студенттер, Әдіснамалық Негіз.

Methodological Basis Of Education Of Kazakh Language Turkish-Speaking Students In Translingual Aspects

Abstract: This article discusses the didactic foundations of teaching the Kazakh language to Turkic-speaking students in a translingual aspect. In the era of globalization, the importance of multilingualism and intercultural relations increases, there is a need to determine the didactic basis for teaching the Kazakh language in a translingual aspect to foreign students, including Turkmen. Since Kazakh and Turkmen languages belong to the Turkic group, there are lexical, grammatical and contextual similarities between them. However, some grammatical structures and semantic differences between words can cause difficulties for the student. The didactic principles of translingual teaching of the Kazakh language to Turkic-speaking students are based on communication between languages, comparative analysis and interactive methods focused on using the knowledge of the students' own language when learning a new language. The article comprehensively analyzes the main didactic principles of translingual teaching and the effectiveness of its use in the process of language acquisition by Turkic-speaking students. The results of the study show that following these main didactic principles contributes not only to the development of language skills, but also to the enhancement of students' intercultural competence. The use of didactic principles in teaching a language in a translingual aspect increases the motivation of students.

Keywords: Translingualism, Translingual Aspect, Foreign Language, Turkic-Speaking Students, Methodological Basis.

Кіріспе

* п.ғ.д., профессор. Сәтбаев университеті, k.zhaxylikova@satbayev.university

**** ф.ғ.к., қауымдаст. Профессор, Сәтбаев университеті, a.uderbayev@satbayev.university

***** PhD., қауымдаст. Профессор, Сәтбаев университеті, r.uskenbayeva@satbayev.university

Қазіргі қарқынды дамыған жаһандану үдерісінің талаптарына сай еліміздің жоғары оқу орындарында әлемнің әр түкпірінен студенттердің білім алуына кең мүмкіндіктер ашылып отыр. Осыған байланысты, тілдік білім беру мәселелері өзектілігін арттыруда. Біздің техникалық жоғары оқу орындарында оқитын түркітілдес студенттерге қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – күнделікті және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынаста қажетті негізгі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Алайда, бұл түркітілдес студенттер қазақ тілін меңгеру барысында көптеген қиындықтарға тап болады. Соның ішінде ең бастысы – тілдік тосқауыл. Осыған орай, оқытушылар түркітілдес студенттердің қазақ тілін игеру кезіндегі қиындықтарын жеңілдету үшін түрлі жолдары мен тәсілдерді қолданады. Сондай ұтымды жолдардың бірі - қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқыту болып табылады.

Транслингвизм ұғымы соңғы жылдарда лингвистика мен білім беру саласында кеңінен қарастырылып келеді. Бұл ұғым көптілділік пен тілдік ауысулардың табиғи процестерін сипаттайды. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, транслингвизм тілдік шекараларды жойып, тіл үйренушілерге бірнеше тілді бір уақытта пайдалану мүмкіндігін береді. Тілді екінші тіл ретінде оқыту барысында студенттердің ана тілі мен өзге меңгерген тілдері олардың жаңа тілдік ортаны игеруін жеңілдетеді. Транслингвизмнің ғылыми негіздері (Garcia, 2009), (Creese & Blackledge, 2010), (Celic S, 2011), (Canagarajah, 2013) сынды ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Бұл зерттеулерде транслингвалды әдістің тіл үйренушілерге тигізетін оң әсері, атап айтқанда, оқу материалдарын жеңіл қабылдау, мағыналық ассоциациялардың қалыптасуы және когнитивтік жүктеменің төмендеуі талданған. Транслингвалды әдіс әлемдегі көптеген оқу орындарында кеңінен қолданылады (Lewis, G., and ets. 2012); (Canagarajah S., 2013); (Chen X., 2017); (Sutrisno, D. B., 2023). Бұл әдіс әсіресе студенттер оқылатын тілдің белгілі бір деңгейін меңгерген кезде тиімді болып табылады. Транслингвалды оқыту студенттердің ана тіліндегі білімдерін жаңа тілдік біліммен байланыстыруына мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқыту үдерісін жеңілдетіп, олардың қызығушылығын арттырады. Транслингвалды әдіс тілдік тосқауылдарды жеңу және жаңа тілдік материалды тез игеру мақсатында пайда болған. Бұл әдіс тіл үйренушілерге өздерінің барлық тілдік ресурстарын пайдалануына мүмкіндік береді.

Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқыту елімізде енді қолға алынып отыр. Жоғары оқу орындарында оқу пәні ретінде қолданылатын қазақ тілінің өзіне тән ерекшелігі бар. Оның мәні мынада. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде оқытатын басқа да арнайы пәндер бар екені белгілі. Ол пәндер арқылы студенттер белгілі ғылым саласы бойынша қажетті білім негізін ана тілі немесе ортақ тіл арқылы меңгереді. Осы оқыту құралы (ана тілі, немесе ортақ тіл) арқылы меңгерілген білім пәнді оқытудың негізгі міндеті болып есептеледі. Сөйтіп, жекелеген пәндерді оқығанда студенттер тек бір ғана қиындықты жеңе білулері тиіс. Ол - пән бойынша берілген жаңа білімді меңгеру.

Қазақ тілін транслингвалды аспектіде түркітілдес студенттерге үйрету елімізде жаңа қолға алынып жатқан бағыттардың бірі. Жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін пән ретінде оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктердің мәні мынада: ЖОО-ларда орыс бөлімінде білім алатын студенттерге түрлі кәсіби пәндер ана тілі немесе ортақ тіл арқылы ұсынылады. Мұндай пәндерде басты мақсат – сол ғылым саласындағы негізгі білімді студентке ана тілі немесе түсінікті тіл арқылы жеткізу. Яғни, оқыту құралы ретінде қолданылатын тіл пән мазмұнын меңгерудің басты тетігі саналады. Осылайша, студенттердің басты мақсаты – сол пәннің мазмұнын түсініп, білім алу болса, ол үшін бір ғана кедергіні – жаңа ақпаратты игеруді жеңу жеткілікті.

Ал қазақ тілін транслингвалды тәсілмен үйрету жағдайында жағдай өзгеше. Түркітілдес студенттер қазақ тілінің құрылымын ішінара білетіндіктен, олардың басты міндеті – сол тіл құрылымын толық меңгеріп, оны тәжірибеде еркін қолдана білу. Мұнда оқу материалы мен мазмұн тек көмекші құрал ретінде қызмет атқарады. Осы ерекшелікке байланысты қазақ тілін оқытуда тіл құрылымы тек құрал ғана емес, сонымен қатар негізгі мақсат пен мазмұн рөлін атқарады. Керісінше, қазақ тілін оқытуда пәндік мазмұн – дидактикалық құрал ретінде пайдаланылады. Осыған байланысты түркітілдес студенттерге қазақ тілін оқыту екі түрлі қиындықты еңсеруді талап етеді. Біріншіден, тілдің грамматикалық құрылымын толық меңгеру; екіншіден, осы меңгерілген білімді сөйлеу барысында тиімді пайдалану дағдысын қалыптастыру.

Қазақ тілі мен кәсіби пәндерді оқыту арасында тек функционалдық тұрғыдан ғана емес, сапалық тұрғыдан да елеулі айырмашылықтар кездеседі. Мысалы, арнайы пәндер көбіне саналық деңгейде әрекет етіп, студент берілген ақпаратты зердесіне тез сақтайды. Ал қазақ тілі болса, саналық қана емес, бейсаналық деңгейде де жұмыс істейді. Тілдік құрылымдарды меңгеру мен оларды есінде сақтау процесі саналы түрде жүреді, ал тілдік қатысым кезінде сол құрылымдарды таңдау мен біріктіру процестері бейсаналық түрде іске асады.

Жалпы пәндерді оқытуда ақпарат адамның есі арқылы қабылданып, санада орнығады. Ал қазақ тілін оқытуда тілдік құрылымдардың мазмұны сана арқылы игеріледі, бірақ құрылымдардың өзіндік қызметі бейсаналық пайым арқылы іске қосылады. Осы екі деңгейлі әрекет қазақ тілі пәнінің өзге пәндерден өзгешелігін айқындайды. Бір жағынан, ақпарат пен білімді берік есте сақтау талап етілсе, екінші жағынан, осы білім мен білікті нақты тәжірибеде қолдану қабілетін дамыту міндеті қойылады. Бұл, әрине, қазақ тілі пәнінің оқу көлемін едәуір кеңейтуді талап етеді.

Сонымен, қазақ тілі пәнінің жалпы дидактикалық пәндермен салыстырғандағы басты ерекшелігі – оның тек оқу материалы ғана емес, сонымен бірге тілдік қатысым құралы ретінде қызмет атқаруында. Бұл жағдай қазақ тілінің мәртебесін айқындап, оны дербес әрі ерекше пән ретінде көрсетеді.

Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды қырынан үйрету барысында күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін нақты әдіснамалық шарттар жүзеге асырылуы тиіс. Осыған байланысты біз оқыту үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі әдіснамалық талаптарды анықтауды орынды деп есептейміз. Яғни транслингвалды оқыту жүйесін қалыптастыруда қазақ тілін үйретудің ғылыми негізделген, нәтижеге бағытталған әдіснамасын айқындау қажет.

Кез келген білім беру үдерісі өз мақсатына, әдіс-амалдарына және нәтижесіне ие болады. Бұл құрылым тіл үйрету үдерісінің негізгі құрамдас бөліктерін айқындауға мүмкіндік береді: мақсат, мазмұн мен тәсіл, және бағалау-нәтиже блогы. Анықталған мақсаттар мен міндеттер оқу материалының мазмұнын, оқыту әдістері мен ұйымдастыру форматын таңдауға бағыт береді және оқытудың бүкіл құрылымын мақсатқа сай әрекетке жұмылдырады.

Осы құрамдас бөліктердің біреуінің жетіспеуі білім беру жүйесінің тұтастығына елеулі нұқсан келтіреді. Қазақ тілін транслингвалды қырынан үйрету – бұл жүйелі басқарылатын үрдіс, сондықтан оны басқарудың жалпы теориясы негізінде: мақсат қою, басқару әрекеттері және нәтиже үштігі шеңберінде қарастырған жөн. Бұл жерде басқару тиімділігі – қойылған мақсат пен қол жеткізілген нәтиженің өзара сәйкестігі арқылы бағаланады. Мұндай ұстаным жүйенің тиімді қызмет етуі мен тұрақты даму кепілі бола алады.

Қазақ тілін транслингвалды қырынан үйрету үдерісінде басқару нысаны ретінде студенттің оқу әрекеті алынады. Студент тарапынан белсенділік танытылмайынша, көзделген нәтижеге қол жеткізу қиын. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, оқыту – бұл

әрекет түрі. Осыған сәйкес, тіл үйрету барысында оқытушы мен студент арасында өзара екі жақты әрекет қалыптасады. Бір жағынан, оқыту мақсаты мен міндеттерімен айқындалатын жүйелі педагогикалық әрекет, екінші жағынан, студенттің дара қызығушылықтары мен мотивациясына негізделген жеке, субъективті әрекет орын алады.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілін транслингвалды қырынан үйретудегі нәтижелі болудың негізгі шарттарының бірі - студенттердің оқу мақсаты мен міндеттерін нақты түсінуі. Бұл мақсаттар студенттің жеке қызығушылықтарымен және ішкі мотивациясымен үйлескен жағдайда ғана, оқыту тиімді бола алады. Осы тұрғыда студенттің дара ерекшеліктерін ескеру — оқыту жүйесінің басты қағидаларының бірі ретінде қарастырылады.

Ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып, қазақ тілін түркітілдес студенттерге оқытқанда олардың әрқайсысына дара оқыту тәсілдерін қолдану қажеттігі туындайды. Бұл студенттердің мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескеріп, жеке траектория бойынша тілді меңгеруге жағдай жасайды.

Келесі маңызды педагогикалық талап — оқыту процесінің кезеңдік басқару принципіне негізделуі. Бұл кибернетикалық тәсілдерге сәйкес, алдымен оқытудың мақсаты айқындалады, содан кейін оқу барысының негізгі кезеңдері, ықтимал ауытқулар мен оларға ықпал ету стратегиялары белгіленеді. Оқытудың барысы тұрақты түрде бақылауға алынып, кері байланыс негізінде түзетулер енгізіліп отырады. Яғни, студенттің оқу барысындағы жағдайы нақты өлшемдер жүйесі бойынша талданады, ал алынған ақпараттың негізінде қажет өзгерістер жасалып, тиімді ықпал ету жолдары қарастырылады.

Бұл жүйе, нақты мақсаттар негізінде, студенттің ішкі психикалық күйіне сай нақты және нақтырақ тәсілдер арқылы бейімделіп отырады. Аталған әдіснамалық жүйенің өзектілігі, біріншіден, студенттің білім деңгейін нақты анықтау, екіншіден, олардың жеке жан-дүниесін және когнитивтік ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды ұйымдастыру қажеттігінен туындайды.

Бастапқы білім деңгейін бағалау – студенттің тілді меңгеру процесінде қажет болатын іргетасты анықтау үшін маңызды. Егер студенттің білім мен дағдысы жеткілікті болса, оқыту жаңа мазмұнды игеруге бағытталады. Ал егер кейбір білім элементтері қалыптаспаған болса, оқыту алдымен сол кемшіліктерді толықтыруға бағдарланады. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқыту мазмұнына ғана емес, оны жүзеге асырудың әдістері мен қарқынына да ықпал етеді.

Білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін тиімді басқару үшін кері байланыстың үздіксіз қамтамасыз етілуі маңызды. Бұл кері байланыс – студенттің оқу барысында алған білімін, түсінігін және сөйлеу қабілетін талдауға, бағалауға және қажет болған жағдайда, түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілін транслингвалды қырынан оқытуда маңызды факторлардың бірі — практикалық сабақтардың тиімді ұйымдастырылуы. Бұл сабақтар — теория мен тәжірибенің ұштасатын тұсы, яғни студент алған білімін нақты тілдік әрекет барысында іске асыра алатын кезең. Осы тұрғыда оқытушы тек басқарушы немесе білім жеткізуші емес, керісінше, студентпен пікірлесетін, бағыт-бағдар беретін әріптес ретінде көрінеді.

Практикалық сабақтардың мазмұны студенттің сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. Мұндай сабақтарда оқытушы мен білімгер арасындағы өзара әрекет тікелей тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс студенттің ізденісін, белсенділігін арттырып, өзіндік оқу әрекетіне ынталандырады.

Сабақ барысындағы бұл байланыс оқытушының рөлін де өзгертеді: ол тек ақпарат беруші емес, кеңесші және қажет кезде оқу процесіне түзету енгізетін бағыттаушыға айналады. Мұндай тәсіл студенттің өз бетімен білім игеруіне жол ашып, ішкі мотивациясын арттырады. Яғни оқытушының бақылаушы қызметі енді түзетуші, қолдаушы рөлмен ұштасады.

Сонымен қатар, оқыту процесінде оқу құралдары мен әдіс-тәсілдердің де маңызы зор. Қазақ тілін оқытқанда, заманауи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – студенттің тіл үйренуге деген ынтасын арттырып, сөйлеу әрекетін автоматтандыруға көмектеседі. Мысалы, мультимедиялық бағдарламалар, интерактивті тапсырмалар, онлайн жаттығулар студентке тілдік ортаға енуге мүмкіндік береді.

Алайда ақпараттық технологиялар оқытушыны толық алмастыра алмайтыны анық. Керісінше, олар оқытушының жұмысын жеңілдетіп, студенттің өзіндік жұмыс жасау аясын кеңейтуге сеп болады. Тіл үйренудің кейбір кезеңдерінде, әсіресе сабақтан тыс уақытта қолданылатын технологиялар студенттің өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға өте қолайлы.

Ақпараттық технологиялар мен оқытушының өзара іс-әрекеті қазақ тілін меңгеру барысындағы қатысымдық міндеттерді шешуге бағытталуы қажет. Яғни, студент тек білім алып қана қоймай, сол білім негізінде тілді қабылдап, оны қайта жаңғыртып, өз ойын жеткізе алатындай деңгейге жетуі тиіс. Бұл процесс тілдік қатысым әрекетінің – қабылдау, түсіну және ойлау – негізгі психологиялық сатыларымен тікелей байланысты.

Мысалы, тыңдаған немесе оқыған ақпаратты дұрыс қабылдай білу – түсіну қабілетінің негізі болса, ал ойлау арқылы сол ақпаратты жүйелеп, сөйлеу арқылы қайта жаңғырту – тілдік әрекеттің ең жоғары деңгейі. Демек, түркітілдес студенттердің тілді толық меңгеруі үшін осы барлық деңгейлердің тиімді дамуы қажет.

Осы ретте, қазақ тілін транслингвалды қырынан оқытуда білімді меңгерудің өнімді деңгейі ғана нағыз нәтижелі оқыту болып саналады. Яғни, студент тек грамматикалық ережелерді жаттап қана қоймай, оларды нақты қарым-қатынас жағдайында еркін қолдана алуы тиіс. Бұл – тіл үйретудегі басты мақсат.

Сонымен қатар, қазақ тілін транслингвалды қырынан оқыту жалпы дидактикалық ұстанымдар негізінде жүзеге асуы керек. Мұндай ұстанымдар тәжірибеде кеңінен танылған, олардың ішінде жүйелілік, бірізділік, саналылық пен белсенділік, көрнекілік пен практикалық бағыттылық ерекше орын алады. Осы принциптер негізінде құрылған оқыту жүйесі ғана студенттің тілдік құзыреттілігін толыққанды қалыптастыра алады.

Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды қырынан оқыту – күрделі әрі көпқырлы үрдіс. Ол тек тілді меңгертуді көздеп қана қоймай, студенттердің когнитивті және коммуникативті дағдыларын қатар дамытуға бағытталады. Бұл оқыту жүйесі студенттің тілдік құрылымдарды грамматикалық тұрғыдан ғана емес, қарым-қатынас құралы ретінде де меңгеруіне мүмкіндік береді.

Транслингвалды тәсіл арқылы оқыту барысында оқытушының рөлі тек білім беруші емес, сонымен қатар бағыттаушы, кеңесші және серіктес ретінде көрінеді. Мұндай қатынас студенттің белсенділігін арттырып, оны оқу процесіне тереңірек тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тіл үйретуде заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдану – оқытудың сапасын арттыратын маңызды факторлардың бірі.

Осыған байланысты, транслингвалды оқыту жүйесінің табысты жүзеге асуы үшін педагогикалық, психологиялық және әдістемелік талаптардың өзара үйлесімді

орындалуы қажет. Әсіресе, әр студенттің жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқыту мазмұны мен әдістерін соған бейімдеу – сапалы нәтижеге қол жеткізудің басты жолы.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың осындай жаңашыл бағыты – болашақ мамандардың кәсіби тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Бұл бағыттағы ізденістер мен ғылыми-әдістемелік негіздер одан әрі дамытылып, тәжірибеге енгізілуі қажет. Осылайша, қазақ тілінің функционалдық және прагматикалық әлеуетін барынша тиімді жүзеге асыруға болады.

Оқыту ұстанымдары үйретушінің іс-әрекеті мен үйренушінің танымдық іс-әрекетінің негізгі сипаттарын анықтайтын басты қағидалар болып табылады. Бұл ұстанымдар оқытудың тиімділігін анықтайтын ішкі маңызды факторларды бейнелейді, сондай-ақ әртүрлі мазмұн мен ұйымдастырылу тәсілінде оқыту нәтижесінің сапасын қамтамасыз етеді.

Оқу үрдісі, әсіресе, оқытушы басшылыққа алатын ұстанымдардың ықпалына ұшырайды. Бұл ұстанымдар дидактикалық тәртіп нормалары ретінде қалыптасып, оларды ескермей оқу үдерісінің тиімді әрі дұрыс жүруі мүмкін емес. Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды қырынан оқытуды жүзеге асыру барысында келесі жалпыдидактикалық ұстанымдар ескеріледі: ғылымилық, жүйелілік, тәжірибенің теориямен байланысы, саналылық, жекелік және ұжымдық біртұтастық, белсенділік, нақтылық пен абстрактіліктің бірлігі, түсініктілік, білімнің беріктігі және сабақтастық.

Атап айтқанда, ғылымилық ұстанымы қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды қырынан оқытудың негізін құрайды. Бұл ұстаным тілдік материалды ғылыми тұрғыда сұрыптап, оны оқыту әдістерін ғылыми негізде қолдануды білдіреді. Қазақ тілі салаларының заңдылықтары мен шектеулі уақыт ресурстары арасындағы үйлесімділік тұрғысынан тілдік материалды дұрыс таңдау өте маңызды. Мұндай сұрыптау процесі тек теориялық және практикалық ұғымдар арасында үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Ғылыми тұрғыда дәлелденген оқыту әдістерін қолдану мынадай жағдайларға сәйкес келу қажеттілігінен туып отыр: түркітілдес студенттердің оқу мүмкіндігі мен психикалық ерекшелігі; оқу кезеңі; оқу материалы мазмұны; оқу мақсаты мен міндеттері.

Жүйелілік ұстаным - қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқыту тұрғысынан алғанда бұл ұстаным білім, білік, дағдының жүйелі түрде меңгерілгенін талап етеді. Тілдік материал ретпен логикалық тұрғыда құрылған жүйе. Олай болса, жүйелілік ұстанымы бойынша, оның әрбір алдыңғысы одан кейін келетін тұлғаның берік меңгерілуіне негіз болуы қажет. Және бұл тілдік жүйенің әрбір бөлшегі бір-бірімен тығыз байланыста меңгерілуі тиіс. Егер бір бөлшегі дұрыс меңгерілмесе, ол оның келесі бөлшегінің меңгерілуіне кері әсерін тигізеді. Мәселен, түркітілдес студенттер етістіктің осы шағын дұрыс меңгермесе, келесі шақты оқытып меңгерту мүмкін емес, т.б. Тілдік материалды меңгерудегі логикалық байланыс пен жүйелілік сөйлеу және тілдік қатынастағы өте қажет құбылыстан қажеттілігі шамалы құбылысқа дейінгі прогрессиямен анықталады.

Жүйелілік ұстанымы қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытуда, сондай-ақ оны оқу барысында үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Қазақ тілін оқу барысында түркітілдес студенттер тілдік материалмен жүйелі және әрдайым жұмыс жасағаны жөн.

Теорияны тәжірибемен байланыстыру ұстанымы - бұл екеуін біріккен, бөлуге келмейтін бүтін тұтастық ретінде қарастырады. Себебі теориясыз тәжірибе, тәжірибесіз теория жоқ. Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытуда теорияға грамматикалық ереже мен оның лексикалық құрылысын білу жатады. Яғни қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқытуда теория дегеніміз - тілдік білім, немесе тілдік құзырет. Қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқытуда тәжірибе деп тілдік

білімді сөйлеу қызметінде қолдануды айтамыз. Бұл мынадай сөйлесім әрекеттерін қамтиды:

- Тыңдалым - фильм, радиохабар, пленкаға жазылған мәтін мен мәліметті түсіну;
- Айтылым, күнделікті қолданыс тақырыбына диалогтық немесе монологтық түрде сөйлей білу;
- Оқылым - тақырып бойынша әр түрлі мәтіндерді оқу.
- Жазылым немесе ізденушілік сипаттағы мәтін, шығарма құру.
- Тілдесім - түркітілдес студенттер меңгерген білімін, білігін тілдік қатынаста еркін қолдана білуі.

Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудағы тәжірибе дегеніміз- бұл тілдік білімді сөйлеу әрекетінде қолдана білу немесе тілдік құзырет.

Саналылық ұстанымы - берілетін оқу материалын түркітілдес студенттердің түсіну қажеттігін көрсетеді. Бұл - қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытуда да орындалуға тиіс ұстаным. Аталған ұстанымды басшылыққа алуда көбіне, жаңа сөздің мәнін сезім арқылы ашу мен болжау белгілі рөл атқарады. Дегенмен де оны түсінбейінше тілдік материалды оқу мүмкін емес. Басқа жағдайда қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқыту тек қайталау мен механикалық жаттаудан тұрады еді.

Жекелік және ұжымдық біртұтастығы ұстанымы әрбір түркітілдес студенттің қабілеті мен жеке қасиетін, оған оқу барысында не ауыртпалық туғызады, не қиындық туғызады, соны зерттеуді талап етеді. Соның негізінде оқытушы өзінің әрбір жеке түркітілдес студентпен және топпен жұмысының бағытын айқындайды. Сөйтіп, оқытушы топпен жұмысты тиімді ұйымдастыруға бар күшін салады және қажетті шараны уақытында қолдануына мүмкіндік алады. Қажеттігі туғанда студенттерге жекелей көмек көрсетіп, ақыл-кеңес беруді де назарынан тыс қалдырмайды.

Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытуда тұрғысынан алып қарасақ, бұл ұстаным түркітілдес студенттердің ұжымдық және жекелей жұмысының байланысы негізінде тілді меңгерудегі өз бетімен жұмыс және ізденушілік белсенділігін дамытуда басшылыққа алынады.

Қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқыту барысында түркітілдес студенттер тілдік материалды меңгеру үшін өз беттерімен жұмыстануға үйренуі қажет. Меңгерген материал негізінде мәселе қоюды, оған жауап бере білу, әңгімелеу дағдысын қалыптастырғаны жөн. Қателерін өз бетімен жөндеп, көріністік-сахналық диалогтік сөйлеу тілінде меңгерген материалды ізденушілікпен қолдануға үйренгені жөн.

Нақтылық пен абстрактілік бірлігі ұстанымы - абстрактілік ойлауды оқытудың көрнекілігімен байланыстыру қажеттігін көрсетеді. Яғни нақтылы ақиқат фактылар мен меңгеретін ұғымдар және соның негізінде жасалатын теориялық қорытындылардың байланысын көрсетеді. Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытуда бұл ұстаным басқа сипат алады. Бұл жерде аталған ұғымдар мен теориялық қорытындыларды оқу жайында емес, керісінше, олардың қазақ тіліндегі атауы және оны көрнекілік арқылы сипаттау сөз болады. Сондықтан қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқыту барысында бұл ұстанымды көрнекілік ұстанымы деп атаған да жөн. Жалғастырушы кезеңде көрнекілік ретінде заттар емес, негізінен суреттер, модель, өрнек, иллюстрация және басқа көрнекіліктермен қатар техникалық және ақпараттық технология құралдары да зор қызмет атқарады. Бұл ұстанымды сабақта қолдану түркітілдес студенттерге қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқытуды түрлендіріп, қызғылықты етеді. Оқу материалын есте сақтау деңгейін көтереді, оқу нәтижесіне жақсы ықпалын тигізеді.

Түсініктілік (ашықтық) ұстанымы бойынша қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқыту барысында материал түркітілдес студенттердің жасына, қабілеті мен даму деңгейіне қолайлы, түсінікті болуы тиіс. Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытуда бұл ұстаным оқу материалын, оның сөздік қорын, грамматикалық құбылысын, тақырыбы мен мазмұнын дұрыс, талапқа сай бөлуінен көрінеді. Оның әрбір бөлігінде сандық және сапалық прогрессияны қадағалау қажет. Түркітілдес студенттердің меңгеруіне арналған тілдік материал оқытудың әр кезеңінде олардың шамасына шақ болуы тиіс. Өте жеңіл немесе өте қиын болмағаны жөн. Оқу материалының ауқымы және оның күрделену деңгейі біртіндеп өскені дұрыс. Және түркітілдес студенттер сол алдын ала қарастырылған уақыт аралығында оны меңгеріп үлгеруі қажет.

Білімнің беріктігі ұстанымы қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқытуда түркітілдес студенттерден меңгерген білімдерін есте сақтау қабілетінің жоғары деңгейде болуын талап етеді. Бұл меңгерген білімді тек жоғары оқу орнында ғана емес, одан кейін күнделікті өмірде қолдану қажеттілігіне де байланысты.

Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытуда білімнің беріктігі өте жоғары бағаланады. Себебі бұл білім мен білік ешқашан өзінің мәнін жоймайды, ескірмейді. Қазақ тілін берік меңгеру жолы тілдік фактілер мен құбылыстарды саналы түрде қабылдау және есте сақтау. Яғни білімді қабылдау, кейін оны қайталау арқылы, тілдік дағды мен білік берік меңгеріледі. Егер түркітілдес студент оқу бағдарламасы талабына сәйкес толық түсініп оқыса, басқа адамның ауызша айтқан сөзін түсінсе, дұрыс сөйлеп, сауатты жаза алса, тілдік материал берік меңгерілген болып есептеледі.

Сонымен қатар аталған ұстанымдар құрамына қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың жеке дидактикасы ерекшелігіне сай транслингвалдылық ұстанымдарын енгізу қажет деген ойдамыз. Олар: көптілділік қорын пайдалану, код-ауысу, мәтіндік және сөйлеу контекстерін салыстыру, кешенді оқыту ұстанымдары.

Көптілділік қорын пайдалану ұстанымы – түркітілдес студенттер өздерінің ана тілін және басқа меңгерген тілдерін қазақ тілін үйренуде қолданып, лингвистикалық көптілділікті ұтымды пайдалануға мүмкіндік алады.

Код-ауысу ұстанымы – түркітілдес студенттер бір тілден екінші тілге еркін ауысып, өз ойларын толық әрі дәл жеткізе алу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Мәтіндік және сөйлеу контекстерін салыстыру ұстанымы – түркітілдес студенттер әртүрлі тілдердегі сөздік қор мен грамматикалық құрылымдарды салыстыра отырып, қазақ тілінің ерекшеліктерін түсінеді.

Тілді кешенді оқыту ұстанымы бойынша, қазақ тілін түркітілдес студенттер меңгеру үшін ауызша және жазбаша сөзді түсіну, қазақша айту және жаза білу қажет. Осыған байланысты кешенді оқыту ұстанымы - қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың негізгі ұстанымы болып саналады. Бұл ұстаным бес түрлі тілдік әрекетті меңгеруді талап етеді. Олар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және тілдесім. Бұл ұстаным оқытудың әр кезеңінде басқаларына қарағанда белгілі бір тілдік дағдының артықшылығы болатынын жоққа шығара алмайды. Мәселен, қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың бастапқы кезеңінде тыңдау және айту дағдысына, ал жалғастырушы кезеңінде оқу және жазу дағдысына ерекше көңіл бөлінеді. Дегенмен де, тілдік дағдының біріне немесе екіншісіне көңіл аударғанда, қалғандарын да естен шығармаған дұрыс. Оқытудың барлық кезеңінде олар үздіксіз дамып отырғаны жөн. Себебі бұл бес түрлі тілдік дағды бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін толықтырып отырады.

Қорытынды

Қазіргі тіл үйрету үдерісінде транслингвалды аспектіде оқыту жүйесі тиімді тәсілдердің бірі ретінде кеңінен қолданыла бастады. Бұл тәсіл жалпыдидактикалық ұстанымдар мен транслингвалдылық қағидаларын басшылыққа алу негізінде түркітілдес студенттердің өз ана тілдері мен басқа меңгерген тілдерін белсенді пайдалануына мүмкіндік бере отырып, қазақ тілін меңгеру үдерісін жеңілдетеді. Тілді транслингвалды аспектіде оқыту арқылы студенттер жаңа тілдік материалды тез игеріп, сөйлеу дағдыларын еркін қалыптастырады. Бұл, әсіресе, көптілді қоғамда өмір сүретін студенттер үшін маңызды, өйткені олар бірнеше тілдік ресурстарды біріктіре отырып, қазақ тілінде тезірек еркін сөйлеуге үйренеді. Сонымен қатар, тілді транслингвалды аспектіде оқытудың ең басты артықшылықтарының бірі – оның студенттердің мотивациясын арттыруға көмектесуі. Студенттер өздеріне таныс тілдік құрылымдарды қолдана отырып, қазақ тілін меңгеруге деген сенімділігін күшейтеді. Сонымен қатар студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, әртүрлі тілдік жүйелер арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Ойымызды тұжырымдай келе, жалпыдидактикалық ұстанымдар мен транслингвалдылық қағидаларына негізделген қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқыту жүйесі студенттер тек лингвистикалық қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникация дағдыларын да дамытады. Жоғарыда қарастырылған оқытудың жалпыдидактикалық ұстанымдары мен транслингвалдылық қағидалары тұтас алғанда қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың әдіснамалық негізін құрайды.

Қаржыландыру Туралы Ақпарат

Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің АР23487324 «Қазақ тілін түркітілдес студенттерге цифрлық технологиялар негізінде транслингвалды аспектіде оқыту» 2024-2026 жж. гранттық жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Крис, А., Блэкклидж А. Creese & Blacklegde, 2010,6 -222
Canagarajah S. Translingual Practice: Global Englishes and Cosmopolitan Relations. London, New York: Routledge, 2013. 224 p. -444
Canagarajah, S. Translanguaging in the classroom: Emerging issues for research and pedagogy // Applied Linguistics Review. 2011. Vol. 2. No. 1. P. 1-28.
Celic, Ch., Seltzer, K. Translanguaging: A CUNY-NYSIEB Guide for Educators, New York: The City University of New York, 2011, – p.184K. -33
Chen X. Translingual Practices in the First- year International Students' English: Academic Writing // ITJ. 2017. Vol. 14. Iss. 1. PP. 25–50.
García, O. Bilingual Education in the 21st Century: A Global Perspective (Malden, MA and Oxford: Wiley/Blackwell), 2009 -111
Lewis, G., Jones, B., Baker, C. Translanguaging: origins and development from school to street and beyond. Educational Research and Evaluation, 2012. 18(7), – pp. 641-654.
Sutrisno, D. B. Translanguaging Practices within Indonesian EFL Classrooms: A Review of the Literature, JOLLT Journal of Languages and Language Teaching, 2023. 11(3), – pp. 547-554. <https://doi.org/10.33394/jollt.v%vi%i.8265B>.

